

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Гаухар» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының сыбайлас жемқорлыққа қарсы



ішкі талдау бойынша талдамалық анықтамасы.

1.Кіріспе

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Гаухар» мектепке дейінгі ұйымы» коммуналдық қазыналық кәсіпорны жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандары заңды тұлға болып табылады. Балабақша 2 жастан бастап мектеп жасына дейінгі жастағы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту және медициналық бақылау қарау, бағу, сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қамтамасыз етеді.

Балабақшада 9 қызметкер жұмыс жасайды. Балабақшаның жобалық қуаты 25 балаға арналған.

Қолданысқа берілген жылы: 2014 ж

Бала саны: 25

Топтар саны: 1 (аралас топ)

Байланыс телефоны: 8(71339)-72-3-56

Топ жеке жатын,, оқу-ойын, әжетхана бөлмелерінен тұрады. Балалардың жас ерекшелігіне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған.

Кадрлар құрамы:

Балабақшадағы педагог саны: 6

Жоғары білімді-3 педагог, арнаулы орта білімді- 3 педагог

Ақпараттық талдамалық бөлім:

«Гаухар» мектепке дейінгі ұйымы бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған шаралар сапалы ұйымдастырылып, іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспар қызметкерлерге таныстырылып бекітілді. Балабақшада Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің талаптарынаың қатаң сақталуы үнемі бақыланып түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Балабақша қызметкерлерінің тарапынан әдеп нормаларын бұзу фактісі болған жоқ. Мемлекеттік қызметкерлерге 2023 жылда тәртіптік жаза берілген жоқ. Мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталуда. Мемлекеттік сатып алулар бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағыт бойынша жүзеге асты:

«Гаухар» мектепке дейінгі ұйымында Сыбайлас жемқорлыққа стенд әзірленіп орналастырылды. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты ақпараттармен толықтырылып, балабақша қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектепке дейінгі ұйымда заңсыз ақша жиналмауы керектігі ескертілді. Ата-аналарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндіру мақсатында жадынамалар әзірленіп таратылды. Мерекелерге орай балабақша педагогтарына сыйлық алуға ақша жинауға болмайтыны туралы қатаң ескертілді. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерге жол бермеу мақсатында жұмыстар жүргізілді.

«Гаухар» мектепке дейінгі ұйымының әдіскері:

Д.Ө.Жолдасбаева